

## «Асқар тау» әкелер клубының № 2 отырысының хаттамасы

19.01.2024жыл

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдықтағы мектепте өткізілген іс-шараларды қорытындылау
2. «Мектептің өмірінде әкелердің маңызы» тақырыбында ой-пікірлері
3. Жоспар бойынша 3 тоқсанға қойылған клубтың жұмысын талқылау
4. Әр түрлі сұрақтар

Бірінші сұрақ бойынша басшының тәрбие жұмысы орынбасары Кененбаева З.К. тыңдалды. Ол жиналған аналар қауымына I жартыжылдықта мектепте өткізілген іс-шаралар бойынша есеп берді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында мектепте «Төр тоқсан төрт өнер» тұжырымдамасының республикалық іс-шаралары уақытымен өткізілді. Сонымен қатар «Тоғыз ай 9 іс шара» тұжырымдамасы бойынша да әр ай белгілі бір республикалық іс-шаралармен өткізіліп отырды. Әр аптаның дүйсенбі күні бойынша сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп отырды. Зульфия Кадыровна әкелерді мектептің жылдық тәрбие жоспарымен де танысытырп өтті. 1-8 сыныптарда жеке жоспар бойынша Жолда жүру ережелері аясында іс-шаралар өткізіледі. Мектепте 9-11 сыныптар арасында әскери-патриоттық клуб, құқықбұзушылық бойынша «Адал ұрпақ», 8-10 сыныптар арасында «Мағжан» дебат клубы, «Үркер» мектеп парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы жұмыстарын белсене жүргізіп отырды. Барлық іс-шаралары мектептің жеке сайты мен фейзбук, инстаграмм платформасында жарияланады. Мектептің парламенті жүргізетін жеке инстаграмм парақшасы да жұмысын жүргізіп келеді.

Екінші сұрақ бойынша аналар қауымынан «Мектептің өмірінде әкелердің маңызы» тақырыбында ой-пікірлер тыңдалды. Қойылған сұрақтар: Қалай ойлайсыз бұл тақырыпқа өз ойыңыз? 2. Әкелердің мектептегі іс-шараларға қатысуы бойынша қандай ойларың бар? 3. Әкелердің ойы қаншалықты маңызды болады? 4. Қаншалықта ұлыңыз немесе қызыңыз өз сырымен, ойымен, мектепте болып жатқан іс-шараларымен бөліседі? Әкелер әр сұрақта өздерінің ойларымен бөлісіп, кеңестерін айтты.

Үшінші сұрақ бойынша әкелер клубының төрағасы тыңдалды. Ол өткізілетін іс-шараларды атап, қалай өткіземіз деп жоспарларымен бөлісті. 3 тоқсан ең ұзын тоқсан, осы тоқсанда мерекелер бар: 15 ақпан -Ауғанстан жерінен кеңес әскерінің шығарылуы» күні, Алғыс айту күні, Көрісу күні, 22 наурыз – ұлттық наурыз мерекесі бар. Соған сәйкес әр ата-ана ойымен бөлісіп, іс-әрекеттер талқыланды.

Шешімі:

1. I жартыжылдықтың іс-шаралары жақсы деп бағалансын.
2. Берілген тақырыпқа сай қойылған сұрақтар басты назарда болып, ұл тәрбиесіне үлкен мән берілсін.
3. 3 тоқсанның әкелер клубы жоспарының іс-шаралары рет-ретімен орындалсын.

Басшының ТЖ орынбасары  
Әкелер клубының хатшысы



З. Кененбаева  
Н. Хавсамет